

Кіріспе

Астық өндіруді үнемі көбейтіп, арттыра берудің біздің еліміз үшін аса зор маңызы бар. Астықты неғұрлым мол өндіресек, солғұрлым мал шаруашылығы және ауыл шаруашылығының басқа да салалары жақсы өркендейді, жалпы халықтың әл-ауқаты шапшаң көтеріледі. Астық шаруашылығындағы ең жауапты науқан оны жинап алу. Сайып келгенде өнім тағдырын осы шешеді. Жинауды уақытында және жылдам жүргізе (10—12 күн ішінде), онда өнімді түгелдей жинап алуға мүмкіндік болады. Көп қалған жатпайды, көп ысырап болуы сөзсіз. Ал, мұның өзі ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің сол астықты өсіруге жұмсалған орасан көп күші мен жабдықтарының текке кеткендігі деген сөз. Өнімді тез әрі ысырапсыз жинап алуға бола ма? Әрине болады. Комбайндардың дестелеуіш жаткалардың жинауыштардың және басқа да механизация жабдықтарының көмегімен астық өнімін толық және тез жинап алуға болады. Бұл көп жылдық тәжірибеге дәлелденген.

Егін жинау әдістері. Көп жылдық тәжірибенің нәтижесінде дәнді дақылдарды комбайнмен жинаудың төмендегідей екі әдісі анық-талды: тікелей комбайнмен жинау және бөлектеп жинау. Тікелей жинау әдісі бойынша комбайн егістіктен бірінші рет жүріп өткенде-ақ жинау операцияларының барлығын бірден аяқтап шығады: ол бірден егінді орып, оны бастырады, дәнді тазартады және олардың қалдықтарын (сабан және топан) жинайды. Бұл әдіс өте тиімді, оны тек толық пісіп-жетілген, құрғақ және арам шөптерден таза астықты жинау үшін қолдануға болады. Комбайн болмаған кезде астықты қамырланып піскен кезде орып, баулап қотып. Астық бауларда тұрып кеуіп, құрайтын, пісіп жетілген. Осыдан кейін оларды стационарлық молотилкалармен бастыратын. Жинау

екі дәуірің, бөлек-бөлек жүргізілетін, сондықтан ол бөлек жинау немесе екі фазалы жинау деп аталған. Қамырланып піскен кезеңі мен толық пісіп жетілу уақыты әдетте 5—8 күнге созылады, ал Орал мен Сибирьде бұл уақыт 8—12 күнге созылады. Осы кезде астық жинау үшін комбайндарды пайдалануға бола ма? Бұл ой комбайнмен бөлектеп жинау технологиясын туғызды, ол төменде баяндалады. Астық қамырланып піскен уақытта дестелеуіш жаткамен орылып анызда қалған биік ак сабақ үстіне дестелеп салады. Астық дестеле жатып құрайды, пісіп жетіледі. Осыдан кейін дестелер бойымен комбайн жіберіледі, ол дестелерді жинап бастырады. Егінді тек ору үшін ғана пайдаланылатын жаткаларды, әдетте тікелей жинауға қолданылатын комбайн жатқасының орнына асып орнатады. Комбайн жатқасын кейде хедер деп атайды. Сонымен қатар тракторға асып орнататын немесе отан тіркейтін дестелеуіш жаткалар да бар. Дестелерден сабақты жинап алу үшін арнайы жасалған жи-науышты пайдаланады. Оны комбайн жатқасына асыл орнатады. Дақылдардың жағдайына және ауа райына байланысты қол-хоздар мен совхоздардың тәжірибесінде бұл екі әдістің екеуі де кенінен пайдаланылады.

Сонғы жылдары СССР конструкторлық және өнеркәсіп ұйымдары төмендегі аты аталған комбайндарды, дестелеуіш жаткаларды және жинауыштарды жасап шығарды.

1. СК-4 (өндірісте 1962 жылдан 1969 жылға дейін болды) және СК-4А (1969 жылдан 1973 жылға дейін шығарылды) комбайндарының өнімділігі тиісінше 3,70 және 4,37 кг/с (комбайн өнімділігі дегеніміз оның молотилкасының бір секундта бөгілгі мөлшерде таза астықты бастырып шығару қабілеті, бұл кезде дан мен сабанның ара қатынасы 1 : 1,5 шамасындай болуы, ал бастыру кезіндегі молотилка ысырабы 1,5% шамасынан артауы тиіс). Жартылай шыңжыр табанды СКПР-4 және шыңжыр табанды СКГ-4 комбайндары (өндірісте 1962 жылдан бар), негізінде күріш жинауға арналған, олар толпырағының ылғалды басым аудандарда да пайдаланылады. Олар СК-4 молотилкасының бір түрі болып табылады.